

Бағдарламаны іске асыру тетіктері:

- Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын көздейтін біртұтас тәсілдеме
- Білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, вариативтік бағдарламаларды әзірлеу
- Сынып-кураторлық жүйе шеңберінде құндылықтарды қалыптастыру, яғни сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар
- Бағдарламаның құндылық бағдарларына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын кеңейту
- Тәрбие процесіне отбасы мен қоғамдық ұйымдарды тарту
- Бағдарламаны іске асыруды тұрақты ішкі бақылау және тиімділігін бағалау

Бағдарлама мазмұны:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жанашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Күнделікті іс-шаралар:

«**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, т.б.

«**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың 15 минут ішінде өзекті моральдық тақырыптардың бірі бойынша баласымен күнделікті жеке әңгімелесу өткізуі.

«**Үнемді тұтыну**» – жадынамалар, нұсқаулықтар және т.б. арқылы суды, азық-түлікті, энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну бойынша күнделікті іс-әрекеттер арқылы табиғи ресурстарға (су, энергия) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«**Күй күмбірі**» – күйлерді қоныраулардың орнына пайдалану, сондай-ақ үлкен қаңырауларда күй қосып қою.

III. «Адал азамат» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Бағдарламаның мақсаты:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
- елінің жегістіктері үшін мақтанш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- **Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;**
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Апталық іс-шаралар:

«Менің Қазақстаным»: оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

«Аптаның дәйексөздері» – мақал-мәтелдер, халық даналығы, тәрбиелік мәні бар көрнекті тұлғалардың нақыл сөздері *оқудан тыс бүкіл ұйымның қызметі*. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде Led-экрандарда, тақталарда орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз жүріс-тұрысын сақтауы, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін, тіршілік қауіпсіздігі негіздерін сақтау мақсатында сынып сағаты аясында *10 минут қауіпсіздік сабағы* өткізілсін.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу аясында білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлқ мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүзеге асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі профиларктикалық іс-шаралар біріктіріледі:

- ✓ Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- ✓ Буллингтен қорған!
- ✓ Ойынға салауатты көзқарас;
- ✓ Өмірге салауатты қадам;
- ✓ Қоғамдық мүлікті қорға!
- ✓ Қауіпсіз қоғам.

Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары

Техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдарына арналған тәрбие жұмысының жоспары			
Қыркүйек			
Еңбекқорлық пен кәсібилік			
Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)			
1	<p>1 қыркүйек – Білім күні</p> <p>1. «Білім күні. Бейбітшілік күні!».</p> <p>Білім күніне арналған салтанатты жиын.</p> <p>2. «Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері» 1 курс студенттеріне арналған тақырыптық сағат.</p> <p>3. «Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!». Тәрбие сағаттары (2,3,4 курстар)</p>	<p>Іс-шаралар жоспары, әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау хаттамалар</p>	<p>Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар</p>
2	<p>Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу:</p> <p>1. «Ана тілім – арым бұл! Сынып сағаты.</p> <p>2. «Мемлекеттік тіл – ұлт тірегі!». Педагогтерге арналған дөңгелек үстел</p> <p>3.«Тілім менің – мерейім!». Мәнерлеп оқу сайысы («Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге</p>	<p>Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары</p>	<p>Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар, әдіскер, тіл пәндері мұғалімдері</p>

	асыру)			
Апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, аға-анам – тірегім!				
3	Отбасы күніне арналған шаралар: 1. «Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя!». Кураторлық сағат. 2. «Мерейлі отбасы». Табиғи материалдардан жасалған композициялар конкурсы. 3. «Қыз бала – отбасының шырайы». Қыздар кеңесі. 4. «Педагогтер мен аға-аналар: шиеленістердің алдын алу жолдары». Педагогтерге арналған әдістемелік сағат. 5. «Отбасым – менің мерейім». Ұлттық құндылықтар студенттер көзімен. Психологиялық тренинг 6. «Менің отбасым – менің байлығым!». Сурет көрмесі. (Челлендж «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, бөлім меңгерушілері, клуб жетекшісі, әдіскер, психолог, кітапханашы, педагог-ұйымдастырушы	2-апта
4	«Кел, танысайық!». Тренинг. 1 курс.	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар Психолог, әлеуметтік педагог	2 апта
Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)				
5	Спорттық/ұлттық ойындар ұйымдастыру және өткізу.	Әлеуметтік желілерде жариялау,	Директордың оқу-тәрбие жұмысы	3-апта

	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» («алдын алу шаралары»)	спорт жарыстарының хағтамалары, анықтамалары	жөніндегі орынбасары, кураторлар, Дене шынықтыру мұғалімдері	
6	«Достық заңынан асқан заң жоқ!». «Қазақстан халықтар Ассамблеясы» мүшелерімен және «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерімен мотивациялық кездесу.	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, «Қазақстан халықтар Ассамблеясының» жергілікті мүшелері, «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері	3-апта
7	«Қатты тәртіп көрсө бала күнінде...» Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу («алдын алу шаралары»)	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау, анықтама	Директордың оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, құқық қорғау органының қызметкерлері	3-апта
Апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. (Абай)				
8	Колледждің жалпы ата-аналар жиналысы: 1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы және алдағы міндеттерді анықтау. 2. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы». Ата-аналарға арналған семинар	Хаттама	Колледж әкімшілігі, кураторлар, психолог	4-апта
9	«Студенттік өмір – жарқын сәттер	Әдістемелік әзірлеме,	Директордың	оқу- 4-апта

	кезеңі». Студенттер қатарына салтанатты қабылдау шарасы	әлеуметтік жариялау желілерде	тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор	жұмысы
10	«Ойынға салауатты кезқарас». Салауатты едеттерді дамыту, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша шеберлік сабақтарын өткізу. 1-2 курсы. («Ойынға салауатты кезқарас» алдын алу шаралары)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жариялау желілерде жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, психолог, әлеуметтік педагог	4-апта
Қазан				
Тәуелсіздік және отаншылдық				
Апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталағын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!				
11	Халықаралық қарттар күніне арналған шаралар: 1. «Қарты бардың – қазынасы бар». Кураторлық сағаттары. 2. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты». «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық акциясы («Қамқор» жобасы)	Әлеуметтік жариялау желілерде	Директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор	1-апта
12	«Ұстазыңды атаңнан да езіз тұт!». Мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғаліміне/ сүйікті тәрбиешісіне арналған бейне хабарлама түсіру челленджі	Әлеуметтік жариялау желілерде	Директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері	1-апта

	(«Шабьт» жобасы)		жөнiндегi инспектор, колледждiң өзiн-өзi басқару ұйымы	
Апта дөйексөзi: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
13	«Бiлектi бiрдi жығады, бiлiмдi мынды жығады». Дебат. («Ұшқыр ой алаңы» жобас)	Әдiстемелiк өзiрлеме, әлеуметтiк желiлерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөнiндегi орынбасары, кураторлар, жастар iстерi жөнiндегi инспектор, колледждiң өзiн өзi басқару ұйымы	2-апта
14	«Ұлылар iзiмен». Сәкен Сейфуллинiн туғанына 130 жыл. Кураторлық сағат	Әдiстемелiк өзiрлеме, әлеуметтiк желiлерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөнiндегi орынбасары, кураторлар	2-апта
15	«Табигатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы: колледж ауласын тазалау, («Еңбегi адал – жас өрен» жобасы)	Әдiстемелiк өзiрлеме, әлеуметтiк желiлерде жариялау,	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөнiндегi орынбасары, кураторлар, өзiн-өзi басқару ұйымы	2-апта
Апта дөйексөзi: Отанды сүю – отбасынан басталады!				
16	«Жалындаған жастық шақ!» сурет көрмесi. Мақсаты: салауатты өмiр салтын насихаттау, өмiрге деген тұрақты оң ұстанымды қалыптастыру	Әлеуметтiк желiлерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөнiндегi орынбасары, кураторлар, жастар iстерi жөнiндегi инспектор, колледждiң өзiн-өзi басқару ұйымы	3-апта
17	«Медиақауiпсiздiк әлемiнде».	Жұмыс жоспары,	Директордың оқу-	3-апта

	Құқықтық сағат. 1-2 курстар («Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы)	әлеуметтік жариялау	желілерде	тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, құқықтану пәнінің оқытушысы	жұмысы
18	«Күзгі асар». Күзгі егінің табиғи материалдары көркем сыйларын пайдалана отырып, қолөнер бұйымдарынан көрме жасау. («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Әлеуметтік жариялау, жұмыс материалдары	желілерде	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар	оқу-жұмысы
19	«Гәртіпке бағынған құл болмайды». Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу	Хаттама		Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, құқық қорғау органының қызметкерлері	оқу-жұмысы
Апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!					
20	«Менің елім – Қазақстаным!». Республика күніне арналған салтанатты шара	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жариялау	желілерде	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар ұйымдастырушы	оқу-жұмысы
21	«Мамандығымын сырлары». Өндірістік саяхаттар. («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Әлеуметтік жариялау	желілерде	Директордың өндірістік оқыту және оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, кураторлар, арнайы пән оқытушылары	оқу-жұмысы
22	Әдептілік – әдемілік белгісі:	Әдістемелік әзірлеме,	желілерде	Директордың	оқу-жұмысы

	адамгершілік негіздері». Тренинг. («алдын алу шаралары»)	әлеуметтік жариялау	жәлілерде жариялау	тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар психолог	жұмысы
--	---	---------------------	--------------------	--	--------

Қараша
Өділдік және жауапкершілік

Апта дәйексөзі: Өділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!					
23	«Өңгіменің хас шебері». Беймбет Майлин – 130 жыл. Кураторлық сағат	Өдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар <i>Shirina, A. A.</i>	оқу-жұмысы	1-апта
24	«Кітап – сарқылмас рухани». Әдеби кейс («Оқуға құштар колледж» жобасы)	Өдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар <i>Q. B. Y. K. T. O. F. E.</i>	оқу-жұмысы	1-апта

Апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ!					
25	«Өңірдің экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары». Кураторлық сағат.	Өдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар	оқу-жұмысы	2-апта
26	Халықаралық студенттер күніне орай өткізілетін шаралар: 1. Өзін өзі басқару күні; 2. «Спорт – бақытқа бастар жол». («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік жариялау, жарыстардың хаттамасы	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	оқу-жұмысы	2-апта

Апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі

27	«Ұлағатты отбасы – ұлт құндылығы». Сахналастырылған қойылымдар конкурсы. («Шабьт» жобасы)	Сценарий, әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог-ұйымдастырушы	3-апта Барманбет А Аманжол Н
28	«Тапқыр болсаң озып көр». Интеллектуалдық ойын. («Үшқыр ой алаңы» жобасы)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог-ұйымдастырушы	3-апта Трашманбет Ә Байтұрсынбаев Н

Апта дәйексіз: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!

29	TEDx форматындағы «Startup» байқауы: Инновациялық идеялардың презентациясы. («SMART BALA» жобасы)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, арнайы оқытушылары, колледждің өзін-өзі басқару ұйымы	4-апта Мамбетов Н Аманжол
30	«Өмірге салауатты қадам». Нарколог дәрігерлермен кездесу. («алдын алу шаралары»)	Хаттама, әлеуметтік жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, колледж медбикесі, әлеуметтік педагог, учаскелік инспектор, нарколог-дәрігерлер	4-апта Барманбет А Аманжол
31	«СПИД – қасірет қақпаны». Дүниежүзілік ЖИТС-пен күресу	Хаттама, әлеуметтік жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары	4-апта Барманбет А Аманжол

	күніне орай медицина саласының қызметкерлерімен кездесу («алдын алу шаралары»)	жариялау	жөніндегі орынбасары, кураторлар, колледж медбикесі, емхананың медициналық қызметкерлері
--	--	----------	--

Желтоқсан

Бірлік және ынтымақ

Апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады

32	«Мен оқып шықтым, сізге де оқуға кеңес беремін». Библио-жарыс. («Оқуға құштар колледж»)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, пән оқытушылары, кітапханашы	1-апта <i>Г. Ә. Құрманбаева</i>
33	«Халық пен тіл – тамыры терең қос емен». Кураторлық сағат («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта <i>Г. Ә. Құрманбаева</i> <i>А. Қарсаева</i>

Апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді

34	Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Адалдық – адамгершілік белгісі». Дебат. («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау,	Директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, құқықтану пәнінің оқытушысы, өзін өзі басқару ұйымы	2-апта <i>А. Құрманбаева</i> <i>С. Қарсаева</i>
35	Тәуелсіздік күніне арналған шаралар:	Әдістемелік әзірлеме, Әлеуметтік желілерде	Директордың оқу-тәрбие	2-апта <i>А. Қарсаева</i>

	<p>Мен өз елімді мақтан тұтамын. Кураторлық сағат. «Тәуелсіздік – бастауы бар бақыттың!». Өлең оқу челленджі. «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы!». Салтанатты шара.</p>	<p>жариялау</p>	<p>жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог-ұйымдастырушы, қазақ және орыс тілі пәндер мұғалімдері</p>	<p><i>К. Асанұлы</i> <i>Г. Аманбаева</i></p>
<p>Апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас</p>				
<p>36</p>	<p>«Бірлігі жоқ ел тозады». Кураторлық сағат</p>	<p>Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау</p>	<p>Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар</p>	<p>3-апта <i>Найыржанов</i> <i>Хамраев</i></p>
<p>37</p>	<p>Келісім мен ынтымақ – жетістіктің кепілі. Эссе</p>	<p>Әлеуметтік желілерде жариялау</p>	<p>Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, қазақ және орыс тілі пәндер мұғалімдері</p>	<p>3-апта <i>Г. Аманбаева</i> <i>Г. Аманбаева</i></p>
<p>Апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған</p>				
<p>38</p>	<p>«Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг». Ата-ана сағаты («алдын алу шаралары»)</p>	<p>Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау</p>	<p>Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар <i>А.А. - Аманбаева</i></p>	<p>4-апта</p>
<p>39</p>	<p>«Ынтымақ – бұзылмайтын қорған». Жастар ресурстық орталығының мамандарымен кездесу.</p>	<p>Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау</p>	<p>Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, педагог-ұйымдастырушы, жастар ресурстық орталығының мамандары</p>	<p>4-апта</p>

Қаңтар

Заң және тәртіп

Апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар			
40	«Таза сессия» акциясы: 1. «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ». Құзырлы орган қызметкерлерімен кездесу. 2. «Біз жемқорлыққа қарсымыз». Қурагаторлық сағат. 3. «Жемқорлыққа жол!» Студенттерден сауалнама алу («Саналы ұрпақ» жобасы)	Хаттама, әдістемелік әзірлеме, сауалнама нәтижесі, әлеуметтік желілерде жариялау,	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, қурагаторлар, құзырлы орган қызметкерлері, «Саналы ұрпақ» кеңсенің жетекшісі
Апта дәйексөзі : Тәртіп – тәрбие бастауы			
41	«Кітап айналымы» акциясы: буккроссинг бұрышын толықтыру және жаңарту. («Балалар кітапханасы» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, қурагаторлар, кітапханашы
42	«Өз құқығыңды білесің бе?». Құқықтану мәселелері бойынша викторина ойыны («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, қурагаторлар, құқықтану пәнінің оқытушысы
Апта дәйексөздері: Әділ заң – аспан тірегі			
43	«Қауіпсіз интернет». Тақырыптық сағат. («Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы)	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, қурагаторлар

44	«Жастық шақ – мүмкіндіктерге толы уақыт». Суреттерден жасалған коллаж конкурсы.	Әлеуметтік жариялау, жемілерде жұмыс жариялау, материалдары	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, Педагог-ұйымдастырушы, жастар істері жөніндегі инспектор	оқу-жұмысы	3-апта
Апта дәйексөзі: Тәртіпсіз ел болмайды					
45	«Денсаулық және мен: темекінің зияндылығы». Кураторлық сағат.	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жемілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар	оқу-жұмысы	4-апта
46	«Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі». Әжелерге арналған шебер сабағы	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жемілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар	оқу-жұмысы	4-апта
Ақпан					
Жасампаздық және жаңашылдық					
Апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге					
47	«Қоғамдық мүлкті қорға» Вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар жасау. («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік жариялау, жемілерде жұмыс жариялау, материалдары	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар	оқу-жұмысы	1-апта
48	«Жақсы мінез – сарқылмас байлық». Кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, Әлеуметтік жемілерде жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары,	оқу-жұмысы	1-апта

		кураторлар	
Апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала			
49	«Сен және Заң». Дебат («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, құқықтану пенінің оқытушысы, өзін өзі басқару ұйымы
50	«Досыңа кітап сыйла». Челлендж. («Балалар кітапханасы» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, кітапханашы
Апта дәйексөзі: Өнерлі бала өрге жүзер			
51	Техникалық шығармашылық форматында жасалған инновациялық идеялардың «Startup» конурсы («SMART BALA» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, арнайы пән оқытушылары, кәсіпорын басшылары
52	«Өмірге салауатты қадам»: Жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстары арқылы) таралуының алдын алу бойынша түсіндіру іс-шаралары Құжық қорғау органы	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, кураторлар, колледжа медбикесі, әлеуметтік педагог, құжық қорғау органы

	қызметкерлерімен кездесу. («алдын алу шаралары»)		қызметкерлері	
Апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы				
53	«Түлектердің ағаш егуі». Эочеллендж («Қамқор» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Колледж әкімшілігі, кураторлар	4-апта
54	Алғыс айту күніне арналған шаралар: 1. «Мың алғыс...». Кураторлық сағат 2. «Туған жерім – жүрегімде!». Білім алушылардың арасынан түрлі этнос өкілдерінің құттықтау челленджі.	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, Педагог-ұйымдастырушы	4-апта
Наурыз Тәуелсіздік және отаншылдық				
Апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің... (Б. Момышұлы)				
55	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы. Колледж ауласын тазалау. («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
56	«Ананың аялы алақаны». Челлендж. («Шабьт» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
57	«Бәрі де, Ана, біреңнен басталды». Кураторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта

Апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік			
58	«Жер сағаты». Экологиялық акция («Қамқор» жобасы)	Әлеуметтік жариялау желілерде жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, оқу-жұмысы кураторлар
59	«Кітаптар желісімен түсірілген фильмдер». Отандық авторлар шығармаларының виртуалды көрмесі. («Оқуға құштар колледж» жобасы)	Әдістемелік эзирлеме, видеоматериал, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, оқу-жұмысы кураторлар
Апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады			
60	«Ұлттық сезім». Ұлттық мәдениетті және ұлттық киімді танымал ету флешмобы	Әлеуметтік жариялау желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, оқу-жұмысы кураторлар
61	«Өнерлі өрге жүзер». Оқушылардың қолынан шыққан бұйымдар көрмесін ұйымдастыру. («Шабыт» жобасы)	Әлеуметтік жариялау желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, оқу-жұмысы кураторлар
62	Наурыз мерекесіне арналған шаралар: 1. Наурыз – құт-береке бастауы!». Бауырсақ-party 2. «Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы!». Мерекелік шара	Сценарийлер, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, оқу-жұмысы кураторлар
Апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең			
63	«Берік достық бұзылмайды». Сахналастырылған қойылымдар байқауы.	Сценарий, Әлеуметтік жариялау желілерде жариялау, жұмыс	Директордың оқу-жұмысы жөніндегі орынбасары, оқу-жұмысы кураторлар

	(«Шабьт» жобасы)	материалдары	курагторлар	
64	«Бала тәрбиесі – ортақ міндет». Ата-ана сағаты («Саналы ага-ана» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, курагторлар	4-апта
Сәуір				
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік				
Апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)				
65	«Жастық шақтың жарқын бейнелері». Жайдарман байқауы («Шабьт» жобасы)	Сценарий, әлеуметтік жариялау, желілерде	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, курагторлар, педагог-ұйымдастырушы, өзін өзі басқару ұйымы	1-апта
66	«Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап». Курагторлық сағат	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік жариялау, желілерде	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, курагторлар	1-апта
Апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)				
67	«Денсаулық фестивалі». сәуір күніне арналған спорттық шаралар	7 Жұмыс әлеуметтік жариялау, спорт жарыстарының хаттамалары, желілерде	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, курагторлар, дене шынықтыру пән мұғалімдері	2-апта
68	«Білім – ең мықты қару». Дебат. («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Әлеуметтік жариялау, желілерде	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,	2-апта